

Өсімдіктерді қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 15-05/1135 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 821 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 31 желтоқсанда № 12744 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.01.2019 № 7 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 11.01.2019 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабы 5 және 6-тармақтарына және 143-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 15.02.2023 № 64 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 15.02.2023 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

1. Мыналар:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес өсімдіктерді қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес ауыл шаруашылығы мақсатындағы объектілерде, сондай-ақ автомобиль, теміржол жолдарының бөлінетін жолақтары мен қорғау аймағында және зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің мекендеу орындары болып табылатын басқа да аумақтарда қызметін жүзеге асыратын бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты өсімдіктерді қорғау саласындағы тексеру парағы;

3) алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 13.06.2023 № 226 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 13.06.2023 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

4) осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты өсімдіктерді қорғау саласындағы тексеру парағы;

5) осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес пестицидтерді (аэрозольдік және фумигациялық тәсілдерді қоспағанда) авиациялық және жерүсті тәсілдерімен қолдану

жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты өсімдіктерді қорғау саласындағы тексеру парағы;

6) осы бірлескен бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес пестицидтерді сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты өсімдіктерді қорғау саласындағы тексеру парағы;

7) осы бірлескен бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес тыйым салынған және (немесе) жарамсыз болып қалған пестицидтерді және олардың ыдыстарын, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын зарарсыздандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты өсімдіктерді қорғау саласындағы тексеру парағы;

8) алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 15.02.2023 № 64 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 15.02.2023 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

9) осы бірлескен бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес пестицидтерді тіркеу (өндірістік және ұсақ мөлдекті) сынақтарын жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты өсімдіктерді қорғау саласындағы тексеру парағы;

10) осы бірлескен бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес пестицидтерді, биоагенттерді өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты өсімдіктерді қорғау саласындағы тексеру парағы;

11) осы бірлескен бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес пестицидтерді өндіру (формуляциялау) жөніндегі қызметті жүзеге асыратын өсімдіктерді қорғау саласындағы бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеру парағы;

12) осы бірлескен бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес пестицидтерді өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын өсімдіктерді қорғау саласындағы бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеру парағы;

13) осы бірлескен бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын өсімдіктерді қорғау саласындағы бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеру парағы.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 05.04.2021 № 108 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 06.04.2021 № 37 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 15.02.2023 № 64 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 15.02.2023 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

2. Мыналардың:

1) "Өсімдіктерді қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау бойынша тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 2 шілдедегі № 15-02/606 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 13 шілдедегі № 528 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11895 болып тіркелген, 2015 жылғы 25 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

2) "Өсімдіктерді қорғау бойынша мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 2 шілдедегі № 15-02/607 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 17 шілдедегі № 533 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11929 болып тіркелген, 2015 жылғы 23 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бірлескен бұйрықты алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

4) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы
министрі

_____ А. Мамытбеков

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика
министрі

_____ Е. Досаев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасы Құқықтық
статистика және арнайы есепке
алу жөніндегі комитетінің төрағасы
_____ С. Айтпаева
20 жылғы " _ " _____

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 15-05/1135 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 821 бірлескен бұйрығына
1-қосымша

Өсімдіктерді қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 13.06.2023 № 226 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 13.06.2023 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Өсімдіктерді қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 141-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 22 маусымдағы № 48 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28577 болып тіркелген) бекітілген Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларына және "Тексеру парақтарының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) сәйкес, өсімдіктерді қорғау саласындағы бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекел дәрежесіне жатқызу және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес берілген лицензиялар бойынша біліктілік

талаптарына сәйкестігіне тексерулер (бұдан әрі – біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеру) және бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізу кезінде бақылау субъектілерін іріктеу үшін әзірленді.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) балл – тәуекелді есептеудің сандық өлшемі;

2) деректерді қалыпқа келтіру – әртүрлі шәкілдерде өлшенген мәндерді шартты түрде жалпы шәкілге келтіруді көздейтін статистикалық рәсім;

3) бақылау субъектілері (объектілері) – қызметі өсімдіктерді қорғау саласындағы мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілерімен байланысты жеке және заңды тұлғалар;

4) болмашы бұзушылық – Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарды пестицидтерді қолдану, сақтау, өткізу және әкелу кезіндегі жұмыстардың құжаттамалық есепке алынуының (пестицидтерді есепке алудың тігілген және нөмірленген кіріс-шығыс кітабы, журналы) болмауы түрінде бұзу;

5) елеулі бұзушылық – Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарды пестицидтерді қолдану және сақтау, пестицидтерді және олардың ыдыстарын, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын зарарсыздандыру жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде персоналда жеке қорғаныс құралдарының және арнайы киімнің болмауы, пестицидтерді өткізу кезінде тиісті (агрономиялық) білімі бар білікті маманның болмауы, сондай-ақ қарастыру бойынша өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор бақылау субъектісіне әкімшілік жауапкершілікке тартпай Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау саласындағы заңнамасының анықталған бұзушылықтарын жою бойынша нұсқама берілген шағымның болуы түріндегі бұзу;

6) өрескел бұзушылық – Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау, химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарды "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексында көзделген әкімшілік жауапкершілікке алып келетін, саны зияндылықтың экономикалық шегінен жоғары зиянды және (немесе) аса қауіпті зиянды организмдердің дамуы мен таралуына әкелетін фитосанитариялық бақылау объектілерінде фитосанитариялық мониторингті және фитосанитариялық іс-шараларды жүргізбеу, фитосанитариялық есептілікті өсімдіктерді қорғау саласындағы заңнамамен бекітілген фитосанитариялық есепке алу нысандарына сәйкес фитосанитариялық есептілікті ұсынбау, сол сияқты уақтылы ұсынбау, саны зияндылықтың экономикалық шегінен жоғары зиянды организмдердің дамуы мен таралуына әкелетін фитосанитариялық бақылау объектілерінде фитосанитариялық мониторингті және фитосанитариялық іс-шараларды жүргізбеу, пестицидтерді зарарсыздандырудың жүргізілмеуі, пестицидтерді және олардың ыдыстарын, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын

зарарсыздандыру үшін арнаулы сақтау орындарының (көмінділердің) болмауы, пестицидтерді жеткізушілер (өндірушілер, импорттаушылар, сатушылар) әзірлеген және ұсынатын жарамсыз болып қалған пестицидтерді және олардың ыдыстарын, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын зарарсыздандыру әдістері мен технологияларының болмауы, қауіптілігі бірінші сыныпты, мақсаты бойынша одан әрі пайдалануға жарамсыз болып қалған пестицидтерді саңылаусыздықты қамтамасыз етпейтін және қоршаған ортаның пестицидтермен ластану мүмкіндігін жоққа шығармайтын ыдыстарда сақтау, қауіптілігі екінші сыныпты пестицидтерді қажет болған кезде полимер материалдардан жасалған арнайы қалташалары жоқ көп қабатты ыдысқа (пестицидтің ерекшелігіне қарай) буып-түю, бүтіндігі бұзылған қаптамадағы пестицидтерді қайта буып-түю, тыйым салынған, жарамсыз болып қалған пестицидтерді және олардың ыдыстарын, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын тиеуге, тасымалдауға және түсіруге арналған механикаландыру құралдарының болмауы, арнаулы сақтау орындарын (көмінділерді) салу бойынша шаралар қабылдамау, пестицидтерді өткізу, пестицидтерді аэрозолдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензияның болмауы, Қазақстан Республикасында өткізілетін және Қазақстан Республикасының аумағында өндіруге (формуляциялауға), әкелуге, сақтауға, тасымалдауға, өткізуге және қолдануға рұқсат етілген пестицидтердің тізіміне енгізілген пестицидтерді мемлекеттік тіркеудің болмауы, бұрмаланған пестицидтерді әкелу, өткізу және сақтау фактілерінің болуы, пестицидтерді сақтау үшін пайдаланылатын жылжымайтын мүлікке меншік құқығы туралы куәліктің немесе өзге де заңды негіздердің болмауы, тіркеушінің (өндірушінің) пестицидтерді қолдану бойынша ұсынымдарының болмауы, тіркеуші (өндіруші, жеткізуші, импорттаушы) беретін пестицидтің қауіпсіздік паспортының болмауы, пестицидтерді тұтынушыларға өндірушілердің ыдысында босатпау, өндірушінің ыдысында пестицидтерді және олардың ыдыстарын, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын зарарсыздандыру туралы мәліметтерді қоса отырып, пестицидтерді қауіпсіз пайдалану шаралары туралы тиісті ақпараттың болмауы, өткізілетін пестицид ыдыстарының бүтін еместігі, ыдыстың бүтіндігі бұзылған кезде пестицидтерді қайта буып-түю бойынша шаралар қабылдамау және оларды жеткізушілерге қайтару түріндегі бұзу.

2-тарау. Бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеру және профилактикалық бақылау жүргізу кезінде тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру тәртібі

3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылауды және (немесе) біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексеруді жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді басқару мақсаттары үшін бақылау субъектілерін (объектілерін) біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексеру және профилактикалық бақылау жүргізу үшін

тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары бірнеше кезеңмен жүзеге асырылатын объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау (шешімдерді мультиөлшемшартты талдау) арқылы қалыптастырылады.

Бірінші кезеңде объективті өлшемшарттар бойынша бақылау субъектілері (объектілері) тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатады.

Тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектісіне (объектісіне) катысты біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеру, бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

4. Екінші кезеңде субъективті өлшемшарттар бойынша бақылау субъектілері (объектілері) тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері 71-ден 100-ді қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатады.

5. Ықтимал тәуекел мен проблеманың маңыздылығына, бұзушылықтың біржолғы немесе жүйелі сипатына, әрбір ақпарат көзі бойынша бұрын қабылданған шешімдерді талдауға байланысты бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын талаптар өрескел, елеулі және болмашы бұзушылық дәрежелеріне сәйкес келеді.

Өсімдіктерді қорғау саласында бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қойылатын талаптардың бұзылу дәрежесі:

осы Өлшемшарттарға 1-қосымшаға сәйкес ауыл шаруашылығы мақсатындағы объектілерде, сондай-ақ автомобиль, теміржол жолдарының бөлінетін жолақтары мен қорғау аймағында және зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің мекендеу орындары болып табылатын басқа да аумақтарда қызметін жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін;

осы Өлшемшарттарға 2-қосымшаға сәйкес пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін;

осы Өлшемшарттарға 3-қосымшаға сәйкес пестицидтерді (аэрозольдік және фумигациялық тәсілдерді қоспағанда) авиациялық және жерүсті тәсілдерімен қолдану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін;

осы Өлшемшарттарға 4-қосымшаға сәйкес пестицидтерді сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін;

осы Өлшемшарттарға 5-қосымшаға сәйкес тыйым салынған және (немесе) жарамсыз болып қалған пестицидтерді және олардың ыдыстарын, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын зарарсыздандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін;

осы Өлшемшарттарға 6-қосымшаға сәйкес пестицидтерді тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарын жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін;

осы Өлшемшарттарға 7-қосымшаға сәйкес пестицидтерді, биоагенттерді өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін;

осы Өлшемшарттарға 8-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін пестицидтерді өндіру (формуляциялау) жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін;

осы Өлшемшарттарға 9-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін пестицидтерді өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін;

осы Өлшемшарттарға 10-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін.

6. Бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексеру және профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары объективті өлшемшарттар және субъективті өлшемшарттарды айқындау арқылы қалыптастырылады.

1-параграф. Объективті өлшемшарттар

7. Ауыл шаруашылығы өндірісінде пайдаланылатын пестицидтер қоршаған табиғи ортаға, адам өмірі мен денсаулығына және жануарларға қатер төндіретін әлеуетті қауіпті химиялық заттар болып табылады.

Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін бағалауға сәйкес бақылау субъектісі қызметінің нәтижесінде адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне ең көп зиян келтіру ықтималдығы, оның ықтимал кері салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып, қызметі пестицидтерді қолдануға, өткізуге, сақтауға және зарарсыздандыруға байланысты бақылау субъектісі тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатады.

8. Өсімдіктерді қорғау саласында ең көп әлеуетті қоғамдық тәуекелдерді ескере отырып, мынадай бағыттар бойынша қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылады:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы объектілерде, сондай-ақ автомобиль, теміржол жолдарының бөлінетін жолақтары мен қорғау аймағында және зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің мекендеу орындары болып табылатын басқа да аумақтарда қызметін жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері);

пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері);

пестицидтерді (аэрозольдік және фумигациялық тәсілдерді қоспағанда) авиациялық және жерүсті тәсілдерімен қолдану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері);

пестицидтерді сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері);

тыйым салынған және (немесе) жарамсыз болып қалған пестицидтерді және олардың ыдыстарын, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын зарарсыздандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері);

пестицидтерді тіркеу (өндірістік және ұсақ мөлдекті) сынақтарын жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері);

пестицидтерді, биоагенттерді өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері);

пестицидтерді өндіру (формуляциялау) жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері).

2-параграф. Субъективті өлшемшарттар

9. Субъективті өлшемшарттарды айқындау мынадай кезеңдерді қолдана отырып, жүзеге асырылады:

- 1) дерекқорды қалыптастыру және ақпарат жинау;
- 2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

10. Дерекқорды қалыптастыру және ақпарат жинау бақылау субъектілерін (объектілерін) анықтау үшін қажет.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін бағалау үшін бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізу үшін мынадай ақпарат көздері пайданылады:

- 1) бақылау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері;
- 2) бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бара отырып жүргізілген алдыңғы тексерулер мен профилактикалық бақылаудың нәтижелері.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін бағалау үшін біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеруді жүргізу үшін бақылау субъектілеріне қатысты алдыңғы тексерулердің нәтижелері пайдаланылады.

11. Қолда бар ақпарат көздерінің негізінде талдауға және бағалауға жататын субъективті өлшемшарттар бойынша деректер қалыптастырылады.

Субъективті өлшемшарттарды талдау және бағалау ең жоғары әлеуетті тәуекелі бар бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізуді және профилактикалық бақылауды шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Бұл ретте, талдау және бағалау кезінде нақты бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың

деректері не Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 178-бабы 1-тармағына сәйкес талап қою мерзімі өткен деректер қолданылмайды.

Алдыңғы бара отырып жүргізілген профилактикалық бақылаудың және (немесе) біліктілік талаптарына сәйкестігін тексерудің қорытындылары бойынша берілген бұзушылықтарды толық көлемде жойған бақылау субъектілеріне қатысты мемлекеттік бақылаудың кезекті кезеңіне арналған графиктер мен тізімдерді қалыптастыру кезінде оларды енгізуге жол берілмейді.

12. Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығын және осы Өлшемшарттардың 3-тарауында айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу тәртібіне сәйкес субъективті өлшемшарттар көрсеткішінің маңыздылығын негізге ала отырып, субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі.

Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығы және субъективті өлшемшарттар көрсеткіштерінің маңыздылығы осы Өлшемшарттардың 11-қосымшасына сәйкес өсімдіктерді қорғау саласындағы субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін айқындауға арналған субъективті өлшемшарттар тізбесіне сәйкес белгіленеді.

3-параграф. Тәуекелдерді басқару

13. Адал бақылау субъектілерін көтермелеу және бұзушыларға бақылау шоғырландыру қағидатын іске асыру мақсатында бақылау субъектілері (объектілері) осы Өлшемшарттардың 19 және 20-тармақтарымен айқындалатын кезеңге бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау және (немесе) біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеру жүргізуден босатылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

14-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 05.05.2026 № 174 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 15.05.2026 № 49 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

14. Тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің нақты дәрежелеріне жатқызатын және бақылау іс-шараларын жүргізу графиктерін немесе тізімдерін қалыптастыратын ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып жүргізіледі, сондай-ақ мемлекеттік статистикаға, ведомстволық статистикалық байқаудың қорытындыларына, сондай-ақ ақпараттық құралдарға негізделеді.

Тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйесі болмаған кезде оларға қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау және (немесе) біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеру жүзеге асырылатын бақылау субъектілері (объектілері) санының ең аз жол берілетін шегі мемлекеттік бақылаудың өсімдіктерді қорғау саласында осындай бақылау субъектілерінің жалпы санының бес пайызынан аспауы тиіс.

3-тарау. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткішін есептеу тәртiбi

15. Мемлекеттік орган осы Өлшемшарттардың 10-тармағына сәйкес көздерден субъективті өлшемшарттар бойынша ақпарат жинайды және деректер базасын қалыптастырады.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін (R) есептеу алдыңғы тексерулер мен бақылау (SP) субъектілеріне (объектілеріне) бара отырып профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша осы Өлшемшарттардың (SC) 12-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттарға сәйкес бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін қорытындылау жолымен, деректер мәндерін 0-ден 100 баллға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіре отырып, автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

$R_{арал} = SP + SC$, мұнда

Rарал – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші,

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші,

SC – осы Өлшемшарттардың 12-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші.

Есептеу өсімдіктерді қорғау саласындағы бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының әрбір бақылау субъектісі (объектісі) бойынша жүргізіледі. Бұл ретте мемлекеттік бақылаудың бір саласының бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын, бағаланатын бақылау субъектілерінің (объектілерінің) тізбесі деректерді кейіннен қалыпқа келтіру үшін іріктеу жиынтығын (іріктемені) құрайды.


16. Алдыңғы тексерулер мен бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бара отырып профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша алынған деректер бойынша 0-ден 100-ге дейінгі балмен бағаланатын бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші қалыптастырылады.

Осы Өлшемшарттардың 10-тармағында көрсетілген ақпарат көздерінің кез келгені бойынша бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау субъектісіне тәуекел дәрежесінің 100 көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеру немесе бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Өрескел бұзушылықтар анықталмаған жағдайда, тәуекел дәрежесінің көрсеткішін айқындау үшін елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткіш есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

іріктемелі жиынтық (іріктеме) бойынша мынадай формула әдісін пайдалана отырып жүзеге асырылады:



R – бақылау жеке субъектісінің (объектісінің) субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (қорытынды);

R_{\max} – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең жоғарғы ықтимал мән (шәкілдің жоғарғы шекарасы);

R_{\min} – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең төменгі ықтимал мән (шәкілдің төменгі шекарасы);

$R_{\text{арал}}$ – осы Өлшемшарттардың 15-тармағына сәйкес есептелген субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші.

19. Тәуекел дәрежесі жоғары бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты біліктілік талаптарына сәйкестігін тексерулер жүргізудің еселігі жылына бір реттен жиілетпей айқындалады.

20. Субъектіге (объектіге) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізудің еселігі субъективті өлшемшарттар бойынша алынған мәліметтерді талдау және бағалау нәтижелері бойынша бірақ жылына екі реттен жиілетпей айқындалады.

21. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау Кодекстің 144-2-бабының 4-тармағына сәйкес қалыптастырылатын бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізудің жартыжылдық тізімдері негізінде жүргізіледі.

Біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеру Кодекстің 144-бабының 2-тармағына сәйкес реттеуші мемлекеттік орган бекітетін біліктілік талаптарына сәйкестігіне арналған тексерулер графигінің негізінде жүргізіледі.

Өсімдіктерді қорғау
саласындағы
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
1-қосымша

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы объектілерде, сондай-ақ автомобиль, теміржол жолдарының бөлінетін жолақтары мен қорғау аймағында және зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің мекендеу орындары болып табылатын басқа да аумақтарда қызметін жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы талаптардың бұзылу дәрежесі

Р/с №	Өлшемшарттардың атауы	Бұзу дәрежесі
-------	-----------------------	---------------

1	2	3
1	Бақылау субъектісінің (объектісінің) фитосанитариялық есепке алу нысанын (ФЕ-3), атап айтқанда пестицидтерді, биоагенттерді сақтау туралы есепті жыл сайын, нақты сақтау орны бойынша 10 қаңтарға дейін (ФЕ-3) ұсынбауы, сол сияқты уақтылы ұсынбауы	өрескел
2	Бақылау субъектісінің (объектісінің) фитосанитариялық есепке алу нысанын (ФЕ-4), атап айтқанда, химиялық өңдеулер жүргізу туралы есепті ай сайын, наурыздан қыркүйекке дейін, есепті айдан кейінгі әр айдың 10-нына дейін (ФЕ-4) ұсынбауы, сол сияқты уақтылы ұсынбауы	өрескел
3	Зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің мекендеу орындары болып табылатын бақылау объектілерінде саны зияндылықтың экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің болуы	өрескел
4	Бақылау объектілерінде саны зияндылықтың экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің таралуын болдырмау мақсатында фитосанитариялық мониторинг жүргізу	өрескел
5	Бақылау объектілерінде фитосанитариялық іс-шараларды, атап айтқанда саны зияндылықтың экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің таралуына жол бермеу мақсатында химиялық өңдеуді жүргізу	өрескел

Өсімдіктерді қорғау
саласындағы
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
2-қосымша

Пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы талаптардың бұзылу дәрежесі

Р/с №	Өлшемшарттардың атауы	Бұзу дәрежесі
1	2	3
1	Бақылау субъектісінің (объектісінің) фитосанитариялық есепке алу нысанын (ФЕ-2), атап айтқанда пестицидтердің, биоагенттердің қозғалысы туралы есепті жылына екі рет, нақты қозғалыс орны бойынша 10 шілдеге дейін бір рет және 10 қаңтарға дейін (ФЕ-2) бір рет ұсынбауы, сол сияқты уақтылы ұсынбауы	өрескел
2	Бақылау субъектісінің (объектісінің) фитосанитариялық есепке алу нысанын (ФЕ-3), атап айтқанда пестицидтерді, биоагенттерді сақтау туралы есепті жыл сайын, нақты сақтау орны бойынша 10 қаңтарға дейін (ФЕ-3) ұсынбауы, сол сияқты уақтылы ұсынбауы	өрескел
3	Бақылау субъектісінің (объектісінің) фитосанитариялық есепке алу нысанын (ФЕ-4), атап айтқанда, химиялық өңдеулер жүргізу туралы есепті ай сайын, наурыздан қыркүйекке дейін, есепті айдан кейінгі әр айдың 10-нына дейін (ФЕ-4) ұсынбауы, сол сияқты уақтылы ұсынбауы	өрескел
4	Пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметтің кіші түріне лицензияның болуы	өрескел
5	Бақылау субъектісінің (объектісінің) Қазақстан Республикасының аумағында өндіруге (формуляциялауға), әкелуге, сақтауға, тасымалдауға, өткізуге және қолдануға рұқсат етілген пестицидтер тізіміне енгізілген пестицидтерді қолдануы	өрескел
6	Қазақстан Республикасының аумағында өндіруге (формуляциялауға), әкелуге, сақтауға, тасымалдауға, өткізуге және қолдануға рұқсат етілген пестицидтер тізімінде көрсетілген регламенттер мен технологияларға (шығыс нормасына, өңдеу тәсіліне	өрескел

	және еселігіне, шектеулерге) сәйкес пестицидтердің қолданылуы	
7	Тіркелушінің (өндірушінің) пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі ұсынымдарының болуы	өрескел
8	Тіркелушінің (өндірушінің) пестицидтерді қолдану жөніндегі ұсынымдарында көрсетілген пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қауіпсіз қолдану шарттарының сақталуы	өрескел
9	Тіркелуші (өндіруші, жеткізуші, импорттаушы) беретін пестицидтің қауіпсіздік паспортының болуы	өрескел
10	Тіркелушінің (өндірушінің) пестицидтің қауіпсіздік паспортында көрсетілген пестицидтерді қолдану кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша шаралардың сақталуы	өрескел
11	Пестицидтерді қолдану бойынша жұмыстарды жүргізу кезінде персоналда жеке қорғаныс құралдарының және арнайы киімдерінің болуы	елеулі
12	Тігілген және нөмірленген пестицидтерді есепке алу журналының болуы	болмашы

Өсімдіктерді қорғау
саласындағы
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
3-қосымша

Пестицидтерді (аэрозольдік және фумигациялық тәсілдерді қоспағанда) авиациялық және жерүсті тәсілдерімен қолдануды жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы талаптардың бұзылу дәрежесі

Р/с №	Өлшемшарттардың атауы	Бұзу дәрежесі
1	2	3
1	Бақылау субъектісінің (объектісінің) фитосанитариялық есепке алу нысанын (ФЕ-2), атап айтқанда пестицидтердің, биоагенттердің қозғалысы туралы есепті жылына екі рет, нақты	өрескел

	қозғалыс орны бойынша 10 шілдеге дейін бір рет және 10 қаңтарға дейін (ФЕ-2) бір рет ұсынбауы, сол сияқты уақтылы ұсынбауы	
2	Бакылау субъектісінің (объектісінің) фитосанитариялық есепке алу нысанын (ФЕ-3), атап айтқанда пестицидтерді, биоагенттерді сақтау туралы есепті жыл сайын, нақты сақтау орны бойынша 10 қаңтарға дейін (ФЕ-3) ұсынбауы, сол сияқты уақтылы ұсынбауы	өрескел
3	Бакылау субъектісінің (объектісінің) фитосанитариялық есепке алу нысанын (ФЕ-4), атап айтқанда, химиялық өңдеулер жүргізу туралы есепті ай сайын, наурыздан қыркүйекке дейін, есепті айдан кейінгі әр айдың 10-нына дейін (ФЕ-4) ұсынбауы, сол сияқты уақтылы ұсынбауы	өрескел
4	Бакылау субъектісінің (объектісінің) Қазақстан Республикасының аумағында өндіруге (формуляциялауға), әкелуге, сақтауға, тасымалдауға, өткізуге және қолдануға рұқсат етілген пестицидтер тізіміне енгізілген пестицидтерді қолдануы	өрескел
5	Бакылау субъектісінің (объектісінің) Қазақстан Республикасының аумағында өндіруге (формуляциялауға), әкелуге, сақтауға, тасымалдауға, өткізуге және қолдануға рұқсат етілген пестицидтер тізімінде көрсетілген пестицидтерді регламенттер мен технологияларға (шығыс нормасына, өңдеу тәсіліне және еселігіне, шектеулерге) сәйкес қолдануы	өрескел
6	Пестицидтерді меншік құқығында немесе өзге заңды негізде авиациялық және жерүсті тәсілдерімен қолдану үшін арнайы техниканың болуы	өрескел
	Пестицидтерді меншік құқығында немесе өзге заңды негізде авиациялық және жерүсті	

7	тәсілдерімен қолдану бойынша арнайы техника үшін пайдаланылатын көлік құралының болуы	өрескел
8	Тіркелушінің (өндірушінің) пестицидтерді авиациялық және жерүсті тәсілдерімен қолдану жөніндегі ұсынымдарының болуы	өрескел
9	Тіркелушінің (өндірушінің) пестицидтерді қолдану жөніндегі ұсынымдарында көрсетілген авиациялық және жерүсті тәсілдерімен пестицидтерді қауіпсіз қолдану шарттарының сақталуы	өрескел
10	Тіркелуші (өндіруші, жеткізуші, импорттаушы) беретін пестицидтің қауіпсіздік паспортының болуы	өрескел
11	Тіркелушінің (өндірушінің) пестицидтің қауіпсіздік паспортында көрсетілген пестицидтерді қолдану кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша шаралардың сақталуы	өрескел
12	Пестицидтерді қолдану бойынша жұмыстарды жүргізу кезінде персоналда жеке қорғаныс құралдарының және арнайы киімдерінің болуы	елеулі
13	Тігілген және нөмірленген пестицидтерді есепке алу журналының болуы	болмашы

Өсімдіктерді қорғау
саласындағы
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
4-қосымша

Пестицидтерді сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы талаптардың бұзылу дәрежесі

Р/с №	Өлшемшарттардың атауы	Бұзу дәрежесі
1	2	3
1	Бақылау субъектісінің (объектісінің) фитосанитариялық есептілікке алу нысанын (ФЕ-1), атап айтқанда пестицидтерді, биоагенттерді өндіру және (немесе) өткізу туралы есепті жылына екі рет, 10 шілдеге дейін бір рет және	өрескел

	10 қаңтарға дейін (ФЕ-1) бір рет ұсынбауы, сол сияқты уақтылы ұсынбауы	
2	Бакылау субъектісінің (объектісінің) фитосанитариялық есепке алу нысанын (ФЕ-2), атап айтқанда пестицидтердің, биоагенттердің қозғалысы туралы есепті жылына екі рет, нақты қозғалыс орны бойынша 10 шілдеге дейін бір рет және 10 қаңтарға дейін (ФЕ-2) бір рет ұсынбауы, сол сияқты уақтылы ұсынбауы	өрескел
3	Бакылау субъектісінің (объектісінің) фитосанитариялық есепке алу нысанын (ФЕ-3), атап айтқанда пестицидтерді, биоагенттерді сақтау туралы есепті жыл сайын, нақты сақтау орны бойынша 10 қаңтарға дейін (ФЕ-3) ұсынбауы, сол сияқты уақтылы ұсынбауы	өрескел
4	Бакылау субъектісінің (объектісінің) фитосанитариялық есепке алу нысанын (ФЕ-4), атап айтқанда, химиялық өңдеулер жүргізу туралы есепті ай сайын, наурыздан қыркүйекке дейін, есепті айдан кейінгі әр айдың 10-нына дейін (ФЕ-4) ұсынбауы, сол сияқты уақтылы ұсынбауы	өрескел
5	Меншік құқығында немесе өзге заңды негізде пестицидтерді сақтауға арнайы арналған қоймалық үй-жайлардың болуы	өрескел
6	Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының шешімдеріне сәйкес тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарын және (немесе) ғылыми зерттеулерді жүргізу үшін өсімдіктерді қорғаудың тіркелмеген құралдарының (пестицидтердің) үлгілерін әкелуге қорытынды (рұқсат беру құжаты) негізінде тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарын және (немесе) ғылыми зерттеулерді жүргізу үшін әкелінетін тәжірибелік үлгілерді қоспағанда, мемлекеттік тіркеуден өтпеген пестицидтерді, сондай-ақ	өрескел

	тіркелмеген пестицидтерді өндіру (формуляциялау) үшін бастапқы компоненттердің сақталуы	
7	Тіркелушінің (өндірушінің) пестицидтерді сақтау жөніндегі ұсынымдарының болуы	өрескел
8	Пестицидтерді қауіпсіз сақтау жөніндегі өсімдіктерді қорғау құралдарының (пестицидтердің) қауіпсіздігі туралы техникалық регламент шарттарының сақталуы	өрескел
9	Тіркелушінің (өндірушінің) пестицидтерді сақтау жөніндегі ұсынымдарында көрсетілген пестицидтерді қауіпсіз сақтау шарттарының сақталуы	өрескел
10	Тіркелуші (өндіруші, жеткізуші, импорттаушы) беретін пестицидтің қауіпсіздік паспортының болуы	өрескел
11	Тіркелушінің (өндірушінің) пестицидтің қауіпсіздік паспортында көрсетілген пестицидтерді сақтау кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша шаралардың сақталуы	өрескел
12	Сақтаулы пестицидтердің ыдыс затбелгілерінде көзделген пестицидтерді қауіпсіз сақтау шарттарының сақталуы	өрескел
13	Пестицидтерді қойманың жобалық құжаттамасында көзделген қойманың сыйымдылығынан аспайтын мөлшерде сақтау	өрескел
14	Өзінің физикалық-химиялық қасиеттері (ұшуы, қышқылдануы), өрт қауіптілігі және жарылу қауіптілігі, реакциялық белсенділігі, сақтаудың температуралық режимі бойынша үйлеспейтін пестицидтерді бөлек сақтау талаптарының сақталуы	өрескел
15	Қойманың құрғақ сүзгіш элементтері бар ағындық және сорғыш желдету жабдығының болуы	өрескел
16	Пестицидтер төгілген жағдайда, оларды бейтараптандыру үшін сақтаулы пестицидтердің ыдыс затбелгілерінде көрсетілген	өрескел

	кәтерсіздендіргіш құралдарының қажетті мөлшерде болуы	
17	Пестицидтерді сақтау бойынша жұмыстарды жүргізу кезінде персоналда жеке қорғаныс құралдарының және арнайы киімдерінің болуы	өрескел
18	Пестицидтерді есепке алудың тігілген және нөмірленген кіріс-шығыс кітабының болуы	болмашы

Өсімдіктерді қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына 5-қосымша

Тыйым салынған және (немесе) жарамсыз болып қалған пестицидтерді және олардың ыдыстарын, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын зарарсыздандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы талаптардың бұзылу дәрежесі

Р/с №	Өлшемшарттардың атауы	Бұзу дәрежесі
1	2	3
1	Бақылау субъектісінің (объектісінің) фитосанитариялық есепке алу нысанын (ФЕ-3), атап айтқанда пестицидтерді, биоагенттерді сақтау туралы есепті жыл сайын, нақты сақтау орны бойынша 10 қаңтарға дейін (ФЕ-3) ұсынбауы, сол сияқты уақтылы ұсынбауы	өрескел
2	Бақылау субъектісінің (объектісінің) фитосанитариялық есепке алу нысанын (ФЕ-5), атап айтқанда тыйым салынған, жарамсыз болып қалған пестицидтерді және олардың ыдыстарын, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын зарарсыздандыру туралы есепті жыл сайын, 10 қаңтарға дейін (ФЕ-5) ұсынбауы, сол сияқты уақтылы ұсынбауы	өрескел
3	Тіркелушінің (өндірушінің) пестицидтерді және олардың ыдыстарын, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын зарарсыздандыру жөнінде ұсынымдарының болуы	өрескел

4	Тіркелушінің (өндірушінің) пестицидтерді зарарсыздандыру жөніндегі ұсынымдарында көрсетілген пестицидтерді және олардың ыдыстарын, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын зарарсыздандыру тәсілдерін сақтау	өрескел
5	Тіркелуші (өндіруші, жеткізуші, импорттаушы) беретін пестицидтің қауіпсіздік паспортының болуы	өрескел
6	Тіркелушінің (өндірушінің) пестицидтің қауіпсіздік паспортында көрсетілген пестицидтерді және олардың ыдыстарын, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын зарарсыздандыру тәсілдерін сақтау	өрескел
7	Мақсаты бойынша әрі қарай пайдалануға жарамсыз болып қалған қауіптілігі бірінші сыныпты пестицидтерді саңылаусыздықты қамтамасыз ететін және пестицидтің қоршаған ортаны ластау мүмкіндігін болдырмайтын сыйымдылықтарда сақтау	өрескел
8	Қауіптілігі екінші сыныпты пестицидтерді, қажет болған жағдайда арнайы жапсырмасы (пестицидтің ерекшелігіне байланысты) бар полимер материалдарынан жасалған көп қабатты ыдыстарға буып-түю	өрескел
9	Меншік құқығында немесе өзге заңдық негізде тыйым салынған, жарамсыз болып қалған пестицидтерді және олардың ыдыстарын, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын тиеуге, тасымалдауға және түсіруге арналған механикаландыру құралдарының болуы	өрескел
10	Пестицидтерді және олардың ыдыстарын, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын зарарсыздандыру бойынша жұмыстарды жүргізу кезінде персоналда жеке қорғаныс	өрескел

құралдарының және арнайы киімдерінің болуы

Өсімдіктерді қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына 6-қосымша

Пестицидтерді тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарын жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы талаптардың бұзылу дәрежесі

Р/с №	Өлшемшарттардың атауы	Бұзу дәрежесі
1	2	3
1	Бакылау субъектісінің (объектісінің) фитосанитариялық есепке алу нысанын (ФЕ-4), атап айтқанда, химиялық өңдеулер жүргізу туралы есепті ай сайын, наурыздан қыркүйекке дейін, есепті айдан кейінгі әр айдың 10-нына дейін (ФЕ-4) ұсынбауы, сол сияқты уақтылы ұсынбауы	өрескел
2	Пестицидтерді тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарын жүргізу үшін тіркелуші ұсынатын сәйкестік сертификаты бар зауыттық қаптамадағы тәжірибелік үлгілердің және эталондық пестицидтердің болуы	өрескел
3	Өсімдіктерді қорғау саласындағы уәкілетті органның ведомствосы бекіткен пестицидтерді тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарын жүргізу жоспарларына сәйкес пестицидтерді қолданудың тіркелуші мәлімдеген регламенттерін сақтау	өрескел
4	Өсімдіктерді қорғау саласындағы уәкілетті органның ведомствосы бекіткен пестицидтерді тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарын жүргізу жоспарларына сәйкес зиянды организмдердің ерекшеліктерін (таралу ареалы, экономикалық мәні, ұрпақ беру саны, патогендігі, төзімділігі) ескере отырып, дақылдар өсірудің негізгі топырақтық-климаттық	өрескел

	аймақтарында пестицидтерді тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарын жүргізу	
5	Орындаушы ұйымда өсімдіктерді қорғау саласындағы уәкілетті органның ведомствосы ұсынатын, зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің болуына фитосанитариялық мониторинг актісінің, сондай-ақ пестицидтердің тіркеу (ұсақ денелі және өндірістік) сынақтарын жүргізу аймағында зиянды организмдердің болуына зерттеп-қарау жөніндегі есепке алу нәтижелерінің және мәліметтердің болуы	өрескел
6	Пестицидтерді тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарын жүргізу жөніндегі әдістемелік нұсқауларды сақтау	өрескел
7	Тіркелушінің (өндірушінің) пестицидтің қауіпсіздік паспортында көрсетілген пестицидтерді қолдану кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шараларды сақтауы	өрескел
8	Пестицидтерді қолдану бойынша жұмыстарды жүргізу кезінде персоналда жеке қорғаныс құралдарының және арнайы киімдерінің болуы	елеулі
9	Тігілген және нөмірленген пестицидтерді есепке алу журналының болуы	болмашы

Өсімдіктерді қорғау
саласындағы
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
7-қосымша

Пестицидтерді, биоагенттерді өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы талаптардың бұзылу дәрежесі

Р/с №	Өлшемшарттардың атауы	Бұзу дәрежесі
1	2	3
	Бақылау субъектісінің (объектісінің) фитосанитариялық есептілікке алу нысанын (ФЕ-1), атап айтқанда пестицидтерді,	

1	биоагенттерді өндіру және (немесе) өткізу туралы есепті жылына екі рет, 10 шілдеге дейін бір рет және 10 қаңтарға дейін (ФЕ-1) бір рет ұсынбауы, сол сияқты уақтылы ұсынбауы	өрескел
2	Бақылау субъектісінің (объектісінің) фитосанитариялық есепке алу нысанын (ФЕ-2), атап айтқанда пестицидтердің, биоагенттердің қозғалысы туралы есепті жылына екі рет, нақты қозғалыс орны бойынша 10 шілдеге дейін бір рет және 10 қаңтарға дейін (ФЕ-2) бір рет ұсынбауы, сол сияқты уақтылы ұсынбауы	өрескел
3	Бақылау субъектісінің (объектісінің) фитосанитариялық есепке алу нысанын (ФЕ-3), атап айтқанда пестицидтерді, биоагенттерді сақтау туралы есепті жыл сайын, нақты сақтау орны бойынша 10 қаңтарға дейін (ФЕ-3) ұсынбауы, сол сияқты уақтылы ұсынбауы	өрескел
4	Пестицидтерді өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензияның болуы	өрескел
5	Қазақстан Республикасында сатылатын және Қазақстан Республикасының аумағында өндіруге (формуляциялауға), әкелуге, сақтауға, тасымалдауға, өткізуге және қолдануға рұқсат етілген пестицидтер тізіміне енгізілген пестицидтерді мемлекеттік тіркеудің болуы	өрескел
6	Пестицидтерді арнайы сақтауға арналған қоймадан өткізу және босату кезінде өсімдіктерді қорғау құралдарының (пестицидтердің) қауіпсіздігі туралы техникалық регламент талаптарының сақталуы немесе пестицидтерді азық-түліктік емес мамандандырылған бөлшек сауда дүкендері арқылы өткізу	өрескел
7	Жалған пестицидтерді өткізу фактілерінің болмауы	өрескел

8	Тіркелушінің (өндірушінің) пестицидтерді қолдану жөніндегі ұсынымдарының болуы	өрескел
9	Тіркелуші (өндіруші, жеткізуші, импорттаушы) беретін пестицидтің қауіпсіздік паспортының болуы	өрескел
10	Пестицидтерді және олардың ыдыстарын, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын зарарсыздандыру туралы мәліметтерді қоса отырып, пестицидтерді қауіпсіз пайдалану шаралары туралы өндірушінің ыдысында тиісті ақпарат болған кезде тұтынушыларға пестицидтерді өндірушінің ыдысында жіберу	өрескел
11	Сатылатын пестицидтер ыдысының бүтіндігін сақтау, ыдыстың бүтіндігі бұзылған және оларды жеткізушіге қайтарған жағдайда пестицидтерді қайта буып-түю жөнінде шаралар қабылдау	өрескел
12	Тігілген және нөмірленген пестицидтерді есепке алудың кіріс-шығыс кітабының болуы	болмашы

Өсімдіктерді қорғау
саласындағы
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
8-қосымша

Біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін пестицидтерді өндіру (формуляциялау) жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы талаптардың бұзылу дәрежесі

Р/с №	Өлшемшарттардың атауы	Бұзу дәрежесі
1	2	3
1	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі және мыналардан тұратын өндірістік-техникалық базаның болуы: өндірістік үй-жайлар және пестицидтерді сақтауға арналған қойма үй-жайлары; пестицидтерді өндіруге (формуляциялауға) арналған жабдықтар	өрескел

2	Өндірілетін (формуляцияланатын) пестицидтер сапасының бақылау жүргізуге арналған аккредиттелген зертхананың не аккредиттелген зертханамен жасалған шарттың болуы	өрескел
3	Ұйым дербес бекіткен әрбір пестицидті өндіруге (формуляциялауға) арналған ұйым стандартының болуы	өрескел
4	Ұйым стандартына сәйкес өтініш беруші бекіткен пестицидтерді өндіруге (формуляциялауға) арналған технологиялық (өнеркәсіптік) регламенттің болуы	өрескел
5	Басшылар мен мамандардың мынадай білікті құрамының болуы : пестицидтерді өндірумен (формуляциялаумен) тікелей айналысатын бөлімшелерде тиісті жоғары техникалық, технологиялық және агрономиялық білімі бар, мамандығы бойынша практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 5 (бес) жылды құрайтын басшылар (кемінде 2 (екі) адам) және тиісті жоғары химиялық немесе технологиялық білімі немесе арнайы орта химиялық немесе технологиялық білімі бар, мамандығы бойынша практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 3 (үш) жылды құрайтын мамандар (кемінде 3 адам)	елеулі

Өсімдіктерді қорғау
саласындағы
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
9-қосымша

Біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін пестицидтерді өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы талаптардың бұзылу дәрежесі

Р/с №	Өлшемшарттардың атауы	Бұзу дәрежесі
1	2	3
1	Пестицидтерді сақтауға арналған меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі қойма үй-жайларының болуы	өрескел

2	<p>Басшылар мен мамандардың мынадай білікті құрамының болуы :</p> <p>пестицидтерді өткізумен тікелей айналысатын бөлімшелерде тиісті жоғары техникалық, технологиялық немесе агрономиялық білімі бар, мамандығы бойынша практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 2 (екі) жылды құрайтын басшылар және тиісті жоғары техникалық, технологиялық немесе агрономиялық білімі немесе арнайы орта техникалық, технологиялық немесе агрономиялық білімі бар, мамандығы бойынша практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 1 (бір) жылды құрайтын мамандар</p>	елеулі
---	--	--------

Өсімдіктерді қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына 10-қосымша

